

2022 жылы Еуразиялық экономикалық комиссияның 10 жылдығын мерекелеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 24 өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылы Еуразиялық экономикалық комиссияның 10 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралардың бағдарламасы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) 10 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығыстарды қаржыландыру Еуразиялық экономикалық одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Комиссия Алқасы:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен бірлесіп, Комиссияның 10 жылдығын мерекелеуге байланысты іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

Комиссияның 10 жылдығын мерекелеуге байланысты іс-шараларды өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін және осы ұйымдастыру комитетінің қызметін қамтамасыз етсін.

4. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей

*Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан*

М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов А.Кожошев А.Оверчук

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2021 жылғы 2
желтоқсандағы
№ 24 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Іс-шараның атауы	Іске асыру мерзімі
1. Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі-Одақ) мүше мемлекеттерде Одақтың және Комиссияның қызметі (10 жыл ішіндегі негізгі жетістіктер) туралы хабардар болуды арттыруға бағытталған ақпараттық науқан мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) 2022 жылы 10 жылдығын мерекелеуге арналған өзге де іс-шараларды өткізу	2022 ж. қаңтар – желтоқсан

2. Мәскеу қаласында Комиссия спартакиадасын өткізу	2022 ж. сәуір – қыркүйек
3. Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары, Комиссия және дипломатиялық корпус өкілдерінің қатысуымен Комиссияның 10 жылдығына арналған ресми қабылдауды ұйымдастыру	2022 ж. қаңтар – маусым
4. Алқа мүшелерінің, Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Комиссияның 10 жылдығына арналған жазғы дипломатиялық ойындарға қатысуы	2022 ж. тамыз
5. Одаққа мүше мемлекеттерде Комиссияның 10 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткізу	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
6. Алқаның мүшелері мен Комиссияның лауазымды адамдарының Одаққа мүше мемлекеттерде бизнес-қоғамдастықтардың өкілдерімен кездесулерді ұйымдастыру	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
7. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін комиссия ғимараттарына экскурсия ұйымдастыру Одаққа мүше мемлекеттердің	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
8. Алқа мүшелері мен комиссия лауазымды тұлғаларының Одаққа мүше мемлекеттердің жетекші жоғары оқу орындарында Еуразиялық экономикалық интеграция туралы, оның ішінде Комиссия жұмыс істеген 10 жылдағы негізгі жетістіктер бойынша лекциялармен сөз сөйлеуін ұйымдастыру	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
9. "Еуразиялық экономикалық комиссияға 10 жыл" естелік почта маркасын шығару және жою	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
10. Комиссия мен одаққа мүше мемлекеттерде Еуразиялық экономикалық интеграция тақырыбына арналған кітаптар көрмесін ұйымдастыру және (мүмкіндігінше) Еуразиялық экономикалық интеграция тақырыбы бойынша шығармалар конкурсын өткізу	2022 ж. қаңтар – желтоқсан
Ескертпе. Осы Бағдарламада көзделген іс-шаралар Covid-19 жаңа коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты эпидемиологиялық жағдайға байланысты жүргізіледі.	